

Экзопланеталар



- **Экзопланеталар** (көне грекше: $\epsilon\chi\omega$, $ex\bar{o}$ — сыртта) немесе **Күн жүйесі шегінен тыс ғаламшар** — Күн жүйесінің сыртында орналасқан ғаламшар. Экзопланеталар да біздің жүйеміздің планеталары секілді бір жұлдызды айналып жүреді. Ең алғашқы экзопланета 1990 жылы ашылды. Бұл планета бір өшіп бара жатқан жұлдызды айналып жүрді. 2015 жылдың 29 мамырының мәліметі бойынша 1219 планетарлық жүйеде 1928 экзопланета ресми түрінде ашылған, оның 484 бірнеше планетадан тұрады

- *Жалпы Құс жолында 100 миллиардтан астам экзопланеталар бар деген болжам бар, оның ішінде ~ 5 - 20 миллиарды Жерге ұқсас болуы мүмкін. Оның ішінде күнге ұқсас жұлдыздардың 34 пайызы өз жүйелерінде Жерге ұқсас планеталары бар*

HD189733b

HD189733b – Жерден 63 жарық жылы қашық орналасқан Валпекула шоқжұлдызындағы экзопланета. Бұл 2005 жылы ашылды. Ол - Юпитер секілді планета. Астрономдар бұл планета атмосферасында су мен көмірқышқыл газының барлығын анықтады, бұл осы планетада тіршіліктің болу мүмкіндігін арттырады.



- *51 Пегас b - Күн тәрізді жұлдыз жанында анықталған алғашқы экзопланета. Ол Жерден шамамен 50 жарық жылы қашықтықтағы Пегас шоқжұлдызында орналасқан. Ол - Юпитер секілді алып газ тәрізді планета және де өз жұлдызына өте жақын орналасады. Өз жұлдызын айналып шығуына төрт күндей уақыт кетеді, бұдан біз бұл экзопланетаның өз жұлдызына Меркурийдің Күнге қашықтығынан да әлдеқайда жақын жатқанын көреміз.*

- *SWEEPS-10 - Құс жолының орталық төмпешігінде орналасқан экзопланета. Планета SWEEPS J175902.00-291323.7 жұлдызын айналып жүреді. Ол өз жұлдызын тек 10 сағаттың ішінде айналып шығады. Бұл - қазірге белгілі ең ыстық экзопланеталардың бірі.*



SWEEPS-10



1RXS J160929.1-210524 b-1RXS

- *1RXS J160929.1-210524 b-1RXS*
J160929.1-210524 жұлдызын айналып жүретін экзопланета. Бұл - Сарышаян шоқжұлдызында орналасқан басты тізбектік жұлдыз.

OGLE-2005-BLG-390Lb

- *OGLE-2005-BLG-390Lb - Сарышаян шоқжұлдызында, Құс жопы галактикасының ортасына жақын орналасқан күн жүйесінен тыс планета.*

Эпсилон Эридан b (HD22049 b)

- Эпсилон Эридан b (HD22049 b) - Эридан шоқжұлдызында орналасқан алып газ тәрізді экзопланета. Ол Эпсилон Эридан жұлдызын Жерден он жарық жылы қашықтықта айналып жүреді. Бұл - біздің күн жүйемізге ең жақын орналасқан экзопланета. Астрономдардың ойынша, оның салмағы Юпитер салмағынан 1,5 есе артық.